

**«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музейі» РМҚК және
Түркістан қалалық білім бөлімі арасындағы ынтымақтастық туралы**

МЕМОРАНДУМ

Осы меморандум «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК (бұдан әрі - музей) және Түркістан қалалық білім бөлімі (бұдан әрі - білім бөлімі) арасындағы бірлескен қызметінің мазмұны мен тәртібін анықтайды.

I. Бірлескен қызметтің мақсаты:

1. Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" атты бағдарламалық мақаласында көрсеткендей – халықтың, әсіресе жас жеткіншектердің санасына жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіру;
2. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы мен «Қазақстандықтардың әлі-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында көрсетілген жаппай мектеп туризмін қайта жаңғырту;
3. Жас жеткіншектерді туған елінің терең тарихы мен көрнекті орындарын таныстыру, мектеп қабырғасынан тыс орындарда танымдық сұхбат құрып оқушылардың ой-өрісінің кеңеюіне, тұлғалық қасиетінің қалыптасуына ықпал ету, табиғатты аялауға баулу, отаншылдық сезімдерін күшейту, тәрбиеленушінің жеке бас қабілетінің жан-жақты дамуына ықпал етіп, даралығын дамыту, ақиқатқа шығармашылық тұрғыда қарау дағдысын қалыптастыру.

II. Бірлескен қызметтің бағыты:

1. Жас жеткіншектерге туған елінің терең тарихы мен көрнекті орындарын таныстыру;
2. Мектеп қабырғасынан тыс орындарда танымдық сұхбат құрып оқушылардың ой-өрісінің кеңеюіне, тұлғалық қасиетінің қалыптасуына ықпал ету, табиғатты аялауға баулып, отаншылдық сезімдерін күшейту;
3. Тәрбиеленушінің жеке бас қабілетінің жанжақты дамуына ықпал етіп, даралығын дамыту, ақиқатқа шығармашылық тұрғыда қарау дағдысын қалыптастыру.

III. Музейдің міндеттері:

1. Музей білім бөліміне қарасты білім беру мекемелерінде лекция мен көрмелер ұйымдастырады;
2. Өз тарапынан бірлескен қызметті бақылайтын жауапты тұлға тағайындайды;
3. Білім беру мекемелерінде музейдің қорындағы жәдігерлер пайдалана отырып, экспозиция құрып экскурсия жүргізеді;
4. Лекциялар барысында көрнекілік құралдарын пайдаланады, слайд пен презентациялар жасап көрсетеді;

5. Іс-шараларды білім беру мекемелерінің басшылығымен алдын ала келісілген күндерде ғана өткізеді;
6. Білім беру мекемелерімен мектептерде және музейде бірлескен іс-шаралар ұйымдастырады.

IV. Білім бөлімінің міндеті:

1. Білім бөлімі бірлескен қызметті бақылау мақсатында өз тараптарынан жауапты тұлға тағайындайды;
2. Әрбір қалалық білім беру мекемелері бірлескен қызмет атқару үшін өз тараптарынан жауапты тұлға тағайындайды;
3. Музей қызметкерлерін көрме құратын залмен қамтамасыз етеді;
4. Презентация жасауға қажетті мультимедиялық техникамен, проектормен қамтамасыз етеді.

V. Осы Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді, 3 жыл мерзімге жасалады және Тараптардың бірі екінші Тараптың оның қолдансын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап 1 (бір) ай өткенге дейін күшінде болады.

VI. Осы Меморандум Түркістан қаласында 2019 жылғы «10» сәуір, екі данада, қазақ тілінде жасалды, бұл ретте барлық мәтіннің күші бірдей.

«Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік
тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК
директордың ғылым істері жөніндегі
орынбасары
Тастанбеков Мұрат Мейірбекұлы



Түркістан қаласы білім бөлімінің
меңгерушісі Батырбекова Ақмарал

